

## ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ КОММУНИКАЦИЯДА БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР АРҚЫЛЫ КӨРІНУІ

\*Имангазина М.А.<sup>1</sup>, Момынова Б.Қ.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup>PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы, Қазақстан, e-mail: [meruyertimangazina@mail.ru](mailto:meruyertimangazina@mail.ru)

<sup>2</sup>филология ғылымдарының докторы, профессор, [Ахмет Байтұрсынұлы](mailto:ahmetbaytursynuly@phils.ru)  
[атындағы Тіл білімі институты](mailto:ahmetbaytursynuly@phils.ru), Алматы, Қазақстан

e-mail: [momynova\\_b@mail.ru](mailto:momynova_b@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ халқының қатысым мәдениеті, соның ішінде амандасу кезіндегі ым-ишаралардың коммуникативтік әрі танымдық қызметі ұлттық ментальды-лингвальды кешеннің маңызды элементі ретінде талданады. Бейвербалды амалдарға қатысты отандық зерттеулерде атала бермейтін ұлттық коммуникативтік мінез-құлық ұғымы алғаш рет қолданылып, тілдік емес құралдармен байланысы көрсетілді. Зерттеудің мақсаты – қазақ тіл білімінде зерттелуі кешеуілдеп келе жатқан бейвербалды амалдарды коммуникативтік аспектіде, яғни коммуникативтік акті – коммуникативтік жағдаят – коммуниканттар позициясы тұрғысынан талдау және олардың прагматикалық, когнитивтік мәнін ашу.

Зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы: бейвербалды амалдарды антропоэзектік және функционалдық аспектіде қарастыра отырып, қазақ халқының ұлттық коммуникативтік мінез-құлқы туралы тың тұжырымдар жасалды. Зерттеу қорытындылары қазақтың ұлттық қатысым мәдениетін, коммуникация теориясын нысанға алған басқа да антропоэзектік бағыттағы ғылыми ізденістер үшін пайдалы болмақ. Сондай-ақ тілдік емес құралдар туралы зерттеулерді жаңа тұжырымдармен толықтырады. Зерттеудің практикалық маңыздылығы: зерттеу нәтижелерін паралингвистика, коммуникативтік актілер теориясы, когнитивті лингвистика т.б. тілдің танымдық қызметін зерттейтін салаларда және қазақ халқының ұлттық ерекшелігін қарастыратын елтаным, психология, бихевиоризм, мәдениеттану бағытындағы басқа да ғылыми зерттеулерде теориялық материал ретінде пайдалануға болады.

Зерттеуде негізгі нәтижелерге қол жеткізу үшін теориялық ақпараттар сипаттама және синтез әдісі арқылы сараланды. «Абай жолы» роман-эпопеясынан жинақталған тілдік бірліктерді талдауда бихевиористік әдіс, семантикалық әдіс және когнитивтік талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде бірнеше нақты тұжырымдар жасалды:

- қазақ қатысым мәдениетінде амандасу барысында *сағыну*, *қоштасу*, *қимастық*, *алауыздық*, *мейірім* семантикалары бейвербалды кодтар арқылы беріледі;

- отбасы коммуникациясында амандасу иерархиясы тілдік емес құралдар арқылы көрініс табады: ер бала ең бірінші әкесіне, содан кейін отбасының басқа мүшелеріне сәлем береді. Баланың әкесімен сәлемдесу кезінде коммуникативтік мінез-құлқы өзгереді және кідіріс, төмен тон секілді просодикалық амалдар белсенді қолданылады;

- параамалдар негізгі ақпаратпен қоса коммуниканттардың бір-біріне деген көзқарасын, көңіл күйін, прагматикасын айқын көрсететін және коммуникативтік жағдаят ерекшелігін танытатын негізгі маркерлерге жатады.

**Тірек сөздер:** бейвербалды амалдар, ұлттық коммуникативтік мінез-құлқы, қатысым мәдениеті, коммуникативтік акті, коммуникативтік жағдаят, коммуникант позициясы, прагматика, просодика, такесика, проксемика, кинесика, сәлемдесу

## Негізгі ережелер

Коммуникация – адамзат қоғамын алға сүйреуші ең негізгі факторлардың бірі. Қазіргі таңдағы ғылыми-технологиялық жетістіктер, әсіресе, байланыс құралдарының дамуы – коммуникацияға деген қажеттіліктің айқын көрінісі. Коммуникация – тілдік және тілдік емес элементтердің жүйелі қолданысы. Нақтырақ айтқанда, коммуниканттар өзара әрі вербалды, яғни тіл арқылы; әрі бейвербалды, яғни тілдік емес құралдар арқылы қарым-қатынас жасайды. Сол себепті тілдік және тілдік емес элементтерді бір-бірінен бөліп қарастыруға келмейді, екеуі – біртұтас жүйе. Мысалы, адам сөйлегенде дауысы түрліше құбылады. Мұндағы *сөз* тілдік элемент болса, *дауыстың құбылуы* – тілдік емес элемент.

Коммуникация сәтті әрі дұрыс болуы үшін лингвистикалық және экстралингвистикалық бірліктердің қатар қолданылуы маңызды. Коммуникацияны жүзеге асырушы тұлғаларды *коммуниканттар* деп атайды. Профессор Ф.Ш.Оразбаева коммуникацияға қатысушылардың үш түрін көрсетеді. Олар: *ақпаратты, деректі хабарлайтын – баяншы; ақпаратты жеткізетін – тұлғалар; ақпарат не деректі – қабылдаушы* [2, 11 б.]. Жоғарыда аталғандай, коммуникант – кез келген тілдік әрекетті жүзеге асырушы, тілді қолданушы. Мұндағы *ақпарат* ұғымы тіл арқылы ғана емес, коммуникацияның көмекші құралдары арқылы берілетін күрделі құрылымды қамтиды. Профессор Бердвистел Рэй адамдар қарым-қатынасында жеткізілетін хабардың 35%-ы сөз, 65%-ы бейвербалды амалдардың көмегімен жеткізілетінін атап айтады [3, 13 б.]. Ал тілдік емес құралдарға *үнсіз хабарлар* деген атау берген профессор Альберт Мерабиан қарым-қатынас кезінде үш негізгі фактор маңызды рөл ойнайды деп есептейді. Олар: *айтылған ақпарат мазмұны – 7%; коммуниканттың ойын қалай жеткізіп тұрғаны – 38%; коммуникацияға қатысатын ым-ишараттар – 55%* [4, 13 б.].

Ғалымдардың ым-ишараттарды коммуникацияның басты элементі санауы, бейвербалды амалдардың коммуникативтік үдерістердегі ерекше қызметіне байланысты. Ондай қызметтердің қатарына қарым-қатынас жасау, ақпарат алмасу (ақпарат беру және ақпарат алу), танымдық, әлеуметтік, прагматикалық, экспрессивтік т.б. қызметтері жатады. Сондықтан ым-ишараттар кез келген халықтың коммуникативтік мінез-құлқының бір бөлшегіне айналып, ұлттық қатысым мәдениетінде маңызды рөл ойнайды.

## Кіріспе

Қарым-қатынас барысында бейвербалды амалдар бейсаналы түрде коммуникант туралы мол ақпарат береді. Ғалымдар адамның сөзіне қарағанда *дене тілі* (body language) арқылы жеткізілетін хабардың ақиқатқа жақынырақ екенін анықтаған. Қазіргі таңда зерттеушілер бейвербалды амалдарды *кинесика, просодика, такесика, проксемика* деген негізгі төрт топқа жіктейді.

*Кинесика* әртүрлі қимыл-қозғалыс, ым-ишарат, бет-жүздегі түрлі өзгерістер, көзқарас т.б. қамтиды. Мысалы, *қадала қарау, басын шайқау, қабақ шыту, ернін жымқыру* т.б.

*Просодикаға* дауысқа қатысты қарқын, жиілік, кідіріс, дауыс күші, тембр, жылау, күлу, айқайлау, жөтелу т.б. амалдар жатады. Мысалы, *тамағын қырнау, бақыру, жан дауысы шығу, міңгірлеу, сықылықтау, зеку* т.б.

*Такесика* коммуниканттардың өзара жанасуы кезіндегі амалдарды қарастырады. Мысалы, *арқасынан қағу, басынан сипау, қытықтау, көтеру, итеру, сую, сүйреу, құшақтау* т.б.

*Проксемика* коммуниканттардың кеңістікте орналасу орны, арақашықтығы арқылы берілетін ақпаратты нысанға алады. Мысалы, *жақындау, қашықтау, жабысу, түйісу, қашу, қатарласу, алыақтау, қарама-қарсы отыру* т.б.

Аталған паралингвистикалық амалдар әмбебап сипатта және ұлттық сипатта болады. Әмбебап тілдік емес құралдар адамның ішкі күйін бейнелейтіндіктен жалпы әлем халқына ортақ, түсінікті. Мысалы, сәлемдесу кезінде *жылау* экспрессивті амал болып саналады. Күнделікті өмірде көрініс таба бермейді. Алайда өте жақын адамдар сағынысып қауышқанда жылау арқылы ұзақ уақыттан бергі сағынышы сыртқа шығады. Бұл – ұлттық коммуникативтік мінез-құлықтан гөрі, жалпы адамзатқа тән ішкі психологиялық күйдің нәтижесі. Мысалы, немересін қатты сағынған әженің экспрессиясы романда былайша көрініс табады: *Кәрі әжесі Зере бәйбіше, таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен.*

- *Қарашығым, қоңыр қозым... Абайжаным... - деп кемсеңдеп, жылауға айналып кетті* [8, 8 б.]. Сағынысқан жандардың қауышу кезінде эмоцияға ерік беруі, көзінен жасын төгуі – барша халыққа, жалпы адам баласына тән ішкі күй. Ал ұлттық сипаттағы тілдік емес құралдар – белгілі бір этномәдени топтың (халықтың, ұлттың) өзіне ғана тән, ұлттық танымдық ақпараты мол коммуникация бірлігі. Әлем халықтарының ұлтаралық, мәдениетаралық коммуникациясы кезінде тілдік емес құралдардың қолданысына байланысты түрлі түсінбеушіліктер болуы мүмкін. Аталған құбылысқа арнайы *коммуникативтік шок* деген атау берілген. Бұл мәдени шоктың бір түрі болып саналады. Мысалы, орыс халқында *қонаққа кешігіп келу* құрметтің, үй иесіне деген қамқорлықтың белгісі болса, неміс халқы үшін керісінше құрметсіздікті білдіреді. Бұдан шығатын қорытынды, әр халықтың өзіне ғана тән қарым-қатынас жасау үлгісі бар. Ұлттық бірегейлік басты қазыққа айналған жаһандану заманында қазақ халқына ғана тән қатысым мәдениетінің ерекшеліктерін, бейвербалды амалдардың ұлттық сипатын анықтау, танымдық, әлеуметтік мәнін саралау, сонымен қатар олардың уақыт ағынына қарай өзгеру үдерісін талдау өзекті мәселе деп есептейміз.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Қазақ халқы ерте заманнан тоқсан ауыздың сөздің тобықтай түйінін айтуды, артық сөзден гөрі ыммен-ақ ойын жеткізуді жөн көрген. Қазақ тіліндегі вербалданған ым-ишараттар халқымыздың терең психологиялық білімін, дүниетанымын, қоғамдық ұйымдасу ерекшелігін көрсетеді. Сондықтан бейвербалды амалдар әрдайым вербалданып тілде сөз, фразеологизм түрінде сақталып отырған. Айталық, *тістену, қабағын тую,*

*қолын қусыру, жер тепкілеу, мұрнын шүйіру, тілін тістеу, тізесін құшақтау, екі езуі екі құлағына жету, санын соғу* т.б. Қазақ ғылымында бейвербалды амалдардың танымдық, психологиялық ерекшеліктері Ж.Аймауытовтың «Психология», М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбектерінде алғаш сөз болған. Ал тілдік емес құралдардың коммуникация кезіндегі қызметі Б. Уорф, А.Пиз [3], Г.В.Колшанский, Г.Е.Крейдлин, И.А.Стернин [11], П.С.Тумаркин [12], сынды шетелдік ғалымдардың және Н.Уәли, Б.Момынова, Ф.Оразбаева, З.Базарбаева т.б. сынды отандық зерттеушілердің еңбектерінде когнитивтік, функционалдық тұрғыда қарастырылған. Бейвербалды амалдар соңғы уақытта қазақ ғалымдарының жеке зерттеу нысанына айнала бастады. Мысалы Ж.Нұрсұлтанқызы, М.Ешимов, С.Бейсембаева, С.Мағжан, Ш.Зекенова т.б. зерттеушілер аталған тақырыпта докторлық, кандидаттық диссертация деңгейінде терең талдаулар жасады. Ж.Нұрсұлтанқызы өзінің кандидаттық диссертациясында бейвербалды амалдарға: *бейвербалды амалдар деп – вербалды амалдарды толықтырып, оларға қосымша мағына үстейтін, коммуникативтік актіні жалғастыруға қызмет ететін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етуге көмектесетін қарым-қатынас түрін айтамыз, [5, 7 б.]* - деген анықтама береді. Алайда автор атап отырған коммуникацияның көмекші құралы қызметі – бейвербалды амалдардың бір ғана қыры деп есептейміз. Себебі кейде тілдік емес құралдар толық аяқталған ойды да білдіреді.

Зерттеу барысында роман-эпопеядағы тілдік емес құралдар басты нысанға алынды. Жинақталған тілдік бірліктерге талдау, сипаттау және жүйелеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар логикалық-семантикалық әдіс арқылы мысалдардың лингвомәдени сипаты талданды.

### **Нәтижелер**

Бір ұлт, мәдениет өкілдерінің арасындағы ұзақ уақыттан бері жалғасып келе жатқан коммуникативтік актінің негізінде ұлттық қарым-қатынас үлгісі қалыптасады. И.А.Стернин [11], Ю.Е.Прохоров [10] сияқты орыс ғалымдары аталған құбылысқа *ұлттық коммуникативтік мінез-құлық* деген атау берген. *Ұлттық коммуникативтік мінез-құлық* – белгілі бір ұлтқа тән қарым-қатынас жасау мәнері. Кез келген халықтың мәдениеті, танымы, түсінігі, салт-дәстүрі адамдардың өзара қарым-қатынасына, ұжымдасқан тіршілігіне негізделген. Ол тілмен қатар халықтың ым-ишаратынан, дене қимылынан, өзін ұстау ерекшелігінен көрінеді. Бұндай амалдар сол ұлтқа қатысты ассоциативті ақпаратты туғызады. Мысалы, *кәрістердің иілуі, арабтардың қол беруі, ағылшындардың қол бұлғауы, үндістердің аяқтары мен құлақтарын ұстауы* т.б. Бұлардың әрқайсысы сол ұлттар туралы таным-түсініктің бөлінбес бөлшегіне айналған. Бұның себебін профессор Б.Момынова былайша түсіндіреді: *Бейвербалды амалдар – әлеуметтік стереотиптер саналады, бұлар белгілі бір ұлт өкілдерінің әлемді тануға болатын, әлемді қалай және қандай сипатпен қабылдайтынын көрсететін, танымдық ерекшелігі зор қатысым құралдары [1, 14 б.]*. Өзбек ғалымы А.Нурмонов әр ұлтқа тән қимыл-қозғалыс мәнерінің ерекшелігі бар екеніне

мынандай жақсы мысал келтіреді: *Г.Вамбери араб, парсы, өзбек тілдерін ғана емес, мәдениетін, салт-дәстүрін жақсы білген, мықты шығыстанушы болған. Халық арасында да білімімен көпке танылған. Бір отырыста әдемі әуенге еліткен зерттеуші әуеннің ырғағына салып аяғын тербетеді. Осы қимылы оның өзге мәдениет өкілі екенін бірден танытып қояды. Себебі шығыс халықтарында ән аяқты қимылдататын емес, ләззат алатын дүние, оған тек басын шайқап қана елітіп отырады, - [6, 90 б.]* дейді. Бұдан түйетініміз, басқа ұлт өкілі екінші бір халықтың мәдениетімен қаншалықты терең сусындаса да, ұлттық коммуникативтік мінез-құлқын толықтай бойына сіңіре алмайды. Себебі белгілі бір мәдениет өкілдеріне (ұлтқа) тән бейвербалды бірліктер ұлттық бірегейліктің ғана емес, *ұлттық таным бірлігінің* де көрсеткіші. Бұл туралы профессор Н. Уәли: *Тілдік таңбалардың мағынасы адресант-сана мен адресат-санада бірдей ұғынылуы тиіс. Бұл – коммуникацияның ойдағыдай өтуінің алғышарттарының бірі [7, 12 б.]* - деген тұжырымға келеді.

Ұлттық коммуникативтік мінез-құлқы туралы сөз қозғағанда қазақ халқының ертеден келе жатқан санасында бекіп, тұрмысында тұрақтанған қарым-қатынас жасау, бір-бірімен араласу әдеби, мәдениеті назарға алынады. Оның нақты көрінісін көбінесе халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, әсіресе, егде жастағы кісілерден, сондай-ақ түрлі әдеби шығармалардан табуға болады. Сол себепті зерттеу мақаласында қазақтың тұрмыс-салты мол көрініс тапқан «Абай жолы» роман-эпопеясынан көптеген мысалдар келтірілді.

### **Талқылау**

*Қазақ халқының сәлемдесу кезіндегі ұлттық коммуникативтік мінез-құлқы.* Қазақ қатысым мәдениетінде әр ым-ишаратқа тән танымдық ақпараттың деңгейлері бар. Зерттеуде қарастырылатын амандасу кезіндегі ым мен ишараттың да мазмұны мен мәні терең. Бейвербалды амалдар – коммуникативтік актінің негізгі компоненті. Сол себепті тілдік емес құралдар қолданысы *коммуникативтік жағдаятқа және коммуниканттар позициясына* тікелей тәуелді. Коммуникация – тілмен бірге үнемі дамып, өзгеріп, түрленіп отыратын процесс. Уақыт өте келе қатысымның көмекші құралдарының коммуникативтік сапасы өзгереді. Бұл тілдік сананың, ұлттық сананың өзгеруіне де ықпал етеді. Нәтижесінде коммуникативтік актінің элементтерін ескерместен тілдік емес құралдар стандарттала бастайды. Қазіргі таңда амандасу кезінде *бір-бірінің бетінен сүю* кең тараған. Алайда қазақтың дәстүрлі коммуникациясында *беттен сүю* коммуникативтік актіде таңдап қана қолданылған. Бұл халқымыздың ұлттық коммуникативтік мінез-құлқына, қатысым мәдениетінің ерекшелігіне байланысты. Зерттеуде осы секілді ұлттық сипатын жоғалтып бара жатқан бейвербалды амалдардың дәстүрлі үлгісі көрсетіледі. Мысалы, шығармадағы *беттен сүю* такесикасының қолданысы былайша көрініс табады: *Балалардың бәрін де Абай қасына шақырып алып, беттерінен сүйді [8, 259 б.]. Оспан келе бергенде бұ да құшағын жайып бетінен сүйді [8, 11 б.]. Беттен сүю* көбінесе *ересек адам-бала*

коммуникациясында екінші коммуникантқа қатысты амал. Оның негізгі прагматикасы – балаға деген ішкі сезімді, мейірім, махаббатты білдіру.

Сәлемдесу – кез келген коммуникацияның басы. Сәлемдесудің мазмұны коммуникативтік жағдаятқа байланысты өзгеріп отырады. Коммуникативтік актінің сипатына қарай онда қолданылатын тілдік емес бірліктердің қызметі де әртүрлі. Осыған орай сәлемдесу кезіндегі дәстүрлі мәндегі бейвербалды амалдарды төрт түрге жіктедік. Олар: просодикалық амалдар, проксемикалық амалдар, такесикалық амалдар, кинесикалық амалдар.

*Сәлемдесу кезіндегі просодикалық амалдар.* Сөйленімнің өн бойынан ғана көрінетін интонацияда сөйлеушінің көңіл күйі, айтылған ой мен тыңдаушыға қатысы (сыйластық, салқын сыпайылық, енжарлық, мысқыл, ризашылық, құрмет, күдік, күмән, сенімсіздік, үгіт және т.б.) байқала алады [13, 29 б.]. Осыған орай сөйлеушінің дауыс ырғағына қарай сәлемдесу кезіндегі просодикалық амалдардың мынандай негізгі түрлері анықталды: *үнсіздік, жоғары тон, төменгі тон, кідіріс.*

*Үнсіздік* – сәлем бермеудің бір көрінісі. Шығармада жала жабылған кейіпкер Қодар өзін табалаушы топтың алдына келгенде сәлем бермейді: *Қодар сәлем бермеді, өзі таңулы. Ішінде удай қайнаған ыза мен ашу бар* [8, 26 б.]. Коммуникативтік жағдаят амандасуды талап еткенімен, кейіпкердің амандаспай, үнсіз қалуы ішкі психологиялық күйіне, ашу, ызаға байланысты. Сәлем бермеу және сәлем алмау араздықты, алауыздықты білдіреді. Қазақ жақтырмаған, ұнатпаған адамына да амандаспаған. Одан бөлек жағдайда амандаспау, үнсіз қалу тәрбиесіздік, әдепсіздік саналған. Ауылда ақсақалды алыстан көрсе де жасы кіші кісінің алдына барып амандасуы – сол дәстүрдің бір үлгісі. Сәлемдесу кезіндегі үнсіздік *алауыздық* семантикасына жақын.

*Жоғары тон немесе ашық, айқын етіп сәлем беру* – қазақ халқы үшін коммуниканттар арасындағы ізгі қарым-қатынасты көрсететін маркерлердің бірі. Ашық дауыспен сәлем берудің екінші мәні – ересектіктің, өзін сенімді сезінудің көрінісі. Мысалы Абайдың әкесі отырған қонақ үйге кіріп үлкендерге сәлем беру кезіндегі дауыс просодикасының прагматикасы осындай: *Абай есіктен кіре, үйде отырған үлкендерге ашық дауыспен, айқын етіп сәлем берді. Үлкендер де мұның сәлемін дауыстап алды* [8, 10 б.]. Ашық дауыс просодикалық тұрғыдан дауыс тонының жоғарылығын білдіреді. Үлкендер сәлемін *дауыстап алуы* арқылы Абайға, сұлтанның баласына деген құрметті танытады. Мұнда дауыс күші сенімділік, өзін көрсету мақсатында қолданылып тұр.

*Төменгі тон* – дауыстың жай, бәсең шығуы. Қазақта сәлемдесу *сәлем беру* – *сәлем алу* деген екі бөліктен тұрады. Алайда коммуникация барысында коммуниканттар сингармотембрі арқылы одан бөлек ақпаратты да жеткізе алады. Мысалы: *Жігіт сәлемін салқын алды* [8, 270 б.]. *Құнанбай мұның сәлемін алды да, тебініп қап, «жүр!» деді* [8, 46 б.]. *Бөкенші тобы бұрын сәлем берді. Құнанбай ернін қыбыр еткізіп қана, үнсіз сәлем алды* [8, 50 б.] дегенде адресаттың адресантқа деген көңілінің суықтығы көрінеді. Оны автор *сәлемді салқын алу, ернін қыбыр еткізіп, үнсіз сәлем алды* деген тіркестер арқылы береді. Мұндағы *салқын алу* – коммуниканттың дауысын сипаттап

тұрған тілдік емес құрал. Ол дауыстың төменгі тонын, қарқынының төмендігін және дауыстың соңына қарай бәсеңдей түсіп, жоқ болып кетуін, тыңдаушыға толық естілмейтіндігін білдіреді. Яғни қазақ халқының қатысым мәдениетінде амандасу кезіндегі дауыс жоғары, ашық болған сайын, адресаттың көңілі мен сезімінің де жайлы, жағымды екенін көрсетеді. Ал дауыстың төмендігі, керісінше суық қарым-қатынастың, қош көрмеудің көрсеткіші.

*Кідіріс* – дауыс ағымының үзілуі [13, 16 б.]. Интонология теориясын зерттеуші А.Фазылжан сөйлеуші кейде ұмытып қалған сөзін еске түсіру үшін де, кейде толғанысын білдіру үшін де пауза жасауы мүмкін екенін айтады [13, 28 б.]. Кідірістің сөйлеу актісіндегі қызметі бұнымен шектелмейді. Сол секілді амандасу кезіндегі кідірістің де өзіндік мәні бар. Оған төменгі жолдардан көз жеткізуге болады: - *Шүкірлік, әке, - деп біраз тұрды да: - ат барған соң, дәріс тамам болмаса да, хазреттің рұқсатын, фатиқасын алып қайттым, - деді. Тіпті ересек адамша сөйлеп қапты* [8, 7 б.]. Үзіндідегі амандасқан соң *біраз тұру*, басқаша айтқанда дауыстағы *кідіріс* сөйлеушінің, бала Абайдың байсалдылық, сабырлылық сипаттарын танытып тұр.

Сәлем беруде коммуниканттар позициясы да аса маңызды рөл ойнайды. Мысалы, қазақта отбасыдағы сәлем берудің өзінің жүйесі қалыптасқан, оның реті әкеден шешеге қарай екені шығармада анық көрініс табады. Қазақ отбасындағы коммуникацияда ер бала анасының алдында баладай еркелесе, әке алдында нағыз жігіт боп бой көрсетеді. *Әке-бала* коммуникациясында тілдік емес құралдар белсенді қатыспайды, барлық коммуникативтік жүк дауысқа, яғни просодикаға түседі. Қазақ қатысым мәдениетінде баланың әке алдында *нағыз жігіт, ересек адам* ретінде көрінуге тырысуы – ер балаларға тән ұлттық коммуникативтік мінез-құлық. Бұл ерекшелікті шығармада автор *Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан кәрі бақташыдай бағып, танып өскен* [8, 7 б.] - деп әкенің баласын қабақпен, *тілсіз-ақ* тәрбиелегенін анық танытады.

*Сәлемдесу кезіндегі такесикалық амалдар.* Сәлемдесу барысындағы белсенді такесика ретінде *маңдайдан сүю, маңдайдан иіскеу* және *көзден сүюді* атап өтуге болады. Көзден сүю – көпмағыналы бейвербалды амал. Профессор Б.Момынова «Қазақ ым-ишараттарының түсіндірме сөздігінде» оның жақсы көру, жаны ашу, сүйіскен жастардың өз сезімін білдіруі және ризашылық (еркелеу, қуану), жұбату секілді негізгі бес түрлі мәнін көрсетеді [9, 240-241 бб.]. Шығармада: *Бала топтан шыға бергенде, Айғыз күліп:*

- *Пай, жаман қатындар сілекейлеп, баламыздың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау, - деп паңдана күлді де, Абайды көзінен сүйді* [8, 8 б.] - деген үзіндідегі аталған ишараның мәні жақсы көруді, ерекше ыстық сезімді аңғартады. Бұл мысалдан *көзінен сүю* өзара жақын адамдар арасындағы амал екенін көруге болады, аса таныс, жақын емес адамдар беттен сүюмен, қол алысумен шектеледі.

Қазақ қатысым мәдениетінде *ана-бала, әже-немере* коммуникациясында зор махаббат маңдайдан сүю және бауырына басу бейвербалды амалдары арқылы көрінеді. *Маңдайынан иіскеу: 1) үлкен адамның баланы жақсы көріп отырғанын, еркелететінін білдіретін альтерадоптар; 2) аяу, мүсіркеу* [9, 216

б.]. Сәлемдесу кезінде бұл көбінесе бірінші мәнде жұмсалады: *Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан иіскеді* [8, 8 б.]. Бауыр (*бауырына басу* мәніндегі), құшақ (*құшақтау, құшағына қысу* мәніндегі), маңдай (*маңдайдан иіскеу, маңдайдан сүю*) соматизмдері қазақ халқы үшін символдық мәнге ие. Сондықтан бұл соматизмдер қатысатын бейвербалды амалдар сезімнің ең жоғары деңгейін көрсетеді.

*Қолын қысу* да ажырағысы келмеуді көрсететін тілдік емес құрал. Бұл көбінесе бір-біріне аса жақын адамдар арасында көрініс табады. Мысалы шығармада *әже-немере* коммуникациясында *қолынан қысу* арқылы олардың өзара өте тығыз қарым-қатынаста екенін, яғни қаншалықты жақын екенін байқалады:

*Абай ең алдымен кәрі әжесімен қоштасып:*

- *Қош, әже! - деп кеп, екі қолымен әжесінің кішкене кәрі қолын қысты* [8, 71 б.]. Бұл Абайдың алыс жолға аттанып бара жатқанын сипаттайды. *Қолды қысу* – жібергісі келмеу, *қимастық* семантикасын білдіреді.

*Сәлемдесу кезіндегі кинесика*. Кинесика ым-ишарат және дене қалыбына қатысты параамалдарды қамтиды. Коммуникация кезіндегі адамның дене қалыбындағы өзгерістерге коммуникант жасы, әлеуметтік жағдайы, мәртебесі, мінезі сынды түрлі факторлар әсер етеді. Ал бет-жүздегі ишараттар көбінесе адресат пен адресант арасындағы байланыстың деңгейін, бір-біріне деген көзқарасын байқатады. Мысалы:

*Абай осыны аңғарып, анасының жүзіне қарағанда, Ұлжан бұған біраз көз салып тұрып:*

- *Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола беретін... Бөжекеңді көрген жерде сәлеміңді түзу бер... - деді.*

*Абай жүріп кетті. Артына бірнеше бұрылып қарағанда, аналары үйге кірмей, ұзақ қарап тұр екен* [8, 72-73 б.].

Абайға анасының қандай жағдай болса да *өзінен үлкен кісіге* дұрыс сәлем беру қажет екенін ескертуі отбасы институтының ұлттық коммуникативтік мінез-құлықты балаға дарытуының көрінісі. Сонымен қатар анасының баласына айтқан бұл сөздері сәлемнің қаншалықты маңызды екенін де айқындай түседі. Берілген үзіндіде оптикалық бейвербалды амалдардың қызметі ерекше. *Ұзақ қарау* жақсы мәнді де, теріс мәнді де білдіре алады. *Тесіле қарау, қадала қарау, көзін алмау* деген фразеологизмдерден аталған ишараның түрлі мағыналық реңктері бар екенін аңғаруға болады. Көбінесе «ұзақ қарау» тыңдаушының назарын толық өзіне аудару, бір нәрсені айтуға деген ниетін білдіру үшін қолданылады. Сол секілді анасының баласына ойындағысын айтпас бұрын ұзақ көз салуының прагматикасы айтар ойына назар аудартып, мән беру болса; *аналары үйге кірмей, ұзақ қарап тұр екен* дегендегі *ұзақ қарап тұру* жақын адамға деген қимастық, қоштасуды жеткізіп тұр.

Қазақ халқында ер адам өзі құрмет тұтатын адамдарға амандасқанда қолын кеудесіне қойып, біраз иіліп сәлем береді. Бұлай сәлемдесу үш бөліктен тұрады: 1 – сөз, 2 – қолды кеудеге қою, 3 – алдыға иілу. Мұндағы *қолды кеудеге*



қою кинесикасының мәні сәлемнің шын жүректен шыққанын білдірсе, алдыға иілу, басын, маңдайын төмен салу, яғни адресатқа деген зор құрметті білдіреді. Мысалы: – *Әссәламұғалайкүм, Абай аға!* – деп, оң қолын төсіне қойып, мұсылманша тағзым білдірді [14, 531 б.]. Мысалдан байқағанымыздай коммуникант *Абай аға* деп әрі сөз арқылы, әрі тілдік емес құралдары арқылы шынайы ықыласын білдіріп тұр. Автор бұлай сәлемдесу жалпы мұсылман халықтарына ортақ екенін атап өткен. Қазақ қатысым мәдениетінде мұсылманша сәлем беру ұлттық сипат алып, тұрақтанған деуге болады.

Қазақ жолаушының жүріп келген және жүретін жолына үлкен мән береді, құрмет танытады. Сондықтан алыс жолдан келген жолаушыны қарсы алу кезіндегі амандасу былайша қарқын алады: *бетінен сүю – бауырына басу – құшағына қысу – маңдайынан сүю – көзінен сүю*. Ал керісінше сапарға шығарып саларда көбінесе *қолын қысу – маңдайынан иіскеу – жолына ұзақ қарап тұру* сынды амалдар арқылы қимастығын білдіреді. Бұлар – қазақ халқының ұлттық коммуникативтік мінез-құлқындағы *сағыныш* және *қимастық* сезімдерін танытатын бейвербалды амалдар.

Бейвербалды амалдар бір халықтың өз ішіндегі қатысым мәдениетінде ғана емес, мәдениеттаралық коммуникация кезінде де маңызды рөл ойнайды. А.С.Оразбаева бейвербалды коммуникацияның мәдениеттер тоғысындағы қызметін саралай келе бірқатар артықшылығы мен кемшілігін атап өтеді. Зерттеуші тілдік емес құралдарды қолданудың тиімді тұстары ретінде хабарламаны жылдам жеткізу және қабылдау, уақытты үнемдеу, ауызша хабарламаны толықтыру, екпін түсіру т.б. атаса, кемшіліктері ретінде нақты емес, көп арналы, мәдени таңбаланған, түсіну қиын, бейресми сипатта болатынын айтады. Бейвербалды амалдарға тән мәдени ақпарат туралы А.Оразбаева: «Бейвербалды коммуникация түрлері мен оны қолдану мағынасы сізге бала кезіңізден сіңіп, оны ата-анаңыз немесе танысыңыздан сізге өтуі мүмкін. Тек кейбір ым-ишаралар барлық мәдениетке тән болуы мүмкін, бірақ барлығы емес. Бір мәдениетте оң немесе дұрыс деп саналатын қимылдар басқа бір мәдениетте теріс немесе бұрыс болып көрінуі мүмкін» [15, 141-143 б.] - деп жеке тұлғаның басқа мәдениеттерді қабылдауына бала күннен бойында қалыптасқан ұлттық коммуникативтік мінез-құлықтың әсер ететініне назар аударады.

### **Қорытынды**

Халықаралық қатынастардың дамуы, әлем халықтарының бір-бірімен аралас-құралас өмір сүруі тілдің, мәдениеттің, мінез-құлықтың да ықпалдасуына әсер етті. Соның себебінен ұлттық коммуникативтік мінез-құлықтың (ҰКМҚ) орнын стандартталған коммуникативтік мінез-құлық (СКМҚ) басуда. Мысалы, қошеметтің белгісі ретінде қол шапалақтау; *жақсы, керемет* дегенді бас бармақпен көрсету; амандасқанда немесе қоштасқанда қол бұлғау, беттен сүю; *жоқ, келіспеймін* дегенді қолды қайшылап көрсету; жақсы көруді саусақпен жүрекше жасау арқылы білдіру т.б. бұның барлығы бір ұлттың емес, бүкіл әлемнің тілсіз таңбаларына айналған. Көбінесе мұндай бейвербалды амалдар жастардың арасында тез тарап, кеңінен қолданылады.

Осы орайда қазақ халқының ұлттық коммуникативтік мінез-құлқын әрі тілдік, әрі тілдік емес құралдардағы терең танымдық білім негізінде зерттеу қажет екені сөзсіз. Себебі ұлттық коммуникативтік мінез-құлықтың түбінде ұрпақ тәрбиесі, қоғамдық қатынастарды реттеудің дәстүрлі жүйесі, адамдармен қарым-қатынас жасаудың дипломатиялық ұстанымдары сақталған.

Қазақ халқының қатысым мәдениетін көрсететін бейвербалды амалдарға талдау жасай келе олар коммуниканттың позициясы және коммуникативтік жағдаятқа тікелей тәуелді екеніне көз жеткіздік. Қазақтың *амандасу-қоштасу* әдебінде коммуникативтік жағдаят үлкен рөл ойнайды. Себебі коммуниканттың бірі алыс сапардан келсе онда бейвербалды амалдар өте белсенді қолданылады (*маңдайынан сүю, бауырына басу, құшағына қысу, бетінен сүю, көзінен сүю*) т.б. Бұл амалдар *сағыныш* семантикасына негізделеді. Ал күнделікті тұрмыста амандасу сөз және дауыс тоны (просодика) арқылы жүзеге асады. Қоштасу рәсімі де дәл солай алыс сапарға шығарып саларда қоштасу ұзаққа созылып, түрлі такесикалық амалдар (*қолын қысу, маңдайынан иіскеу*) қатысып, күрделенеді. Олар коммуниканттар арасындағы жақын қарым-қатынасты сақтап тұруда маңызды рөл ойнайды.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Момынова Б.Қ. Қазақ ым-ишараттары: сөйлеу этикеті мен қатысым мәдениетінде. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2016. – 496 б.
- [2] Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынасы: теориясы және әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000. – 207 б.
- [3] Пиз А. Язык телодвижения: Как читать мысли других людей по их жестам (пер. с англ. яз.). – Нижний Новгород: Ай Кью, 1992. – 262 с.
- [4] Mehrabian, Albert. Silent Messages: Implicit Communication of Emotions and Attitudes. 2nd. – Belmont, CA: Wadsworth, 1981. – 212 p.
- [5] Нұрсұлтанқызы Ж. О.Бөкеев шығармаларындағы бейвербалды амалдар: филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. – Алматы: 2006. – 28 б.
- [6] Khakimov M. Kh. The History of Paralinguistic Researches // International Journal of Culture and Modernity. – 2022. – Volume 13. P. 90-95.
- [7] Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғылым. д-ры. ... дисс. автореф. – Алматы: Арыс, 2007. – 53 б.
- [8] Әуезов М. Абай жолы. I том. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 377 б.
- [9] Момынова Б. Қазақ ым-ишараттарының түсіндірме сөздігі. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2017. – 288 б.
- [10] Прохоров Ю.Е., Стернин И.А. Русские: коммуникативное поведение: – Флинта: Наука, 2006. – 238 с.
- [11] Стернин И.А. Русская невербальная коммуникация (на фоне немецкой) // Русское и немецкое коммуникативное поведение. – Воронеж: Истоки, 2002.– Вып.1. – С. 181-190.
- [12] Тумаркин П.С. Жесты и мимика в общении японцев // Лингвострановедческий словарь-справочник. – М.: Русский язык, 2001. – 592 с.
- [13] Фазылжанова А.М. Сөз сазы және интонация (эксперименттік-фонетикалық зерттеу). – Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ баспасы, 2022. – 208 б.
- [14] Әуезов М. Абай жолы. I том. – Алматы: «Жазушы», 2009. – 432 б.
- [15] Оразбаева А.С. Мәдениетаралық қатысымның кейбір мәселелері, негізгі түрлері мен сипаттамасы // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. “Филология ғылымдары” сериясы. – 2023. – №1(68). – Б. 136-149.

## REFERENCES

- [1] Momynova B.Q. Qazaq ym-işarattary: söileu etiketi men qatysym mädenietinde (Kazakh gestures: in the culture of speech etiquette and communication). – Almaty: Arys baspasy, 2016. – 496 b. [in Kaz.]
- [2] Orazbaeva F.Ş. Tıldık qatynasy: teoriasy jäne ädistemesı (Language communication: theory and methodology). – Almaty: RBK, 2000. – 207 b. [in Kaz.]
- [3] Piz A. Jazyk telodvizhenii: Kak chitat' mysli drugih ljudej po ih zhestam (per. s angl. jaz.) (Body language: How to read other people's thoughts by their gestures) (translated from English). – Nizhnij Novgorod: Aj K'ju, 1992. – 262 s. [in Rus.]
- [4] Mehrabian, Albert. Silent Messages: Implicit Communication of Emotions and Attitudes. 2nd. – Belmont, CA: Wadsworth, 1981. – 212 p.
- [5] Nürsülтанqyzy J. O. Bökeev şyğarmalaryndağy beiverbaldy amaldar. Filologia ğylymdarynyñ kandidaty ğylymi дәrejesin alu üşin дайындалған дисертасианыñ авторефераты (Nonverbal actions in the works of O. Bokeev. Abstract of the dissertation prepared for the degree of candidate of philological Sciences). – Almaty, 2006. – 28 b. [in Kaz.]
- [6] Khakimov M. Kh. The History of Paralinguistic Researches // International Journal of Culture and Modernity. – 2022. – Volume 13. P. 90-95.
- [7] Uäli N. Qazaq söz mädenietiniñ teorıalyq negızderı: filol. ğylym. d-ry. ... diss. avtoref. (Theoretical foundations of Kazakh word culture: philol. science. the doctor. ... diss. abstract) – Almaty: Arys, 2007. – 53 b. [in Kaz.]
- [8] Äuezov M. Abai joly. I tom. (The Path of Abai. Volume I). – Almaty: Jazuşy, 1989. – 377 b. [in Kaz.]
- [9] Momynova B. Qazaq ym-işarattarynyñ tüsındırme sözdıgı (Explanatory Dictionary of Kazakh gestures). – Almaty: A. Baitürsynülü atyndağy Tıl bılımı instituty, 2017. – 288 b. [in Kaz.]
- [10] Prohorov Ju.E., Sternin I.A. M. Russkie: kommunikativnoe povedenie (Russians: communicative behavior). – Flinta: Nauka, 2006. – 238 s. [in Rus.]
- [11] Sternin I.A. Russkaja neverbal'naja kommunikacija (na fone nemeckoj) // Russkoe i nemeckoe kommunikativnoe povedenie (Russian nonverbal communication (against the background of German) // Russian and German communicative behavior). – Voronezh: Istoki, 2002. – S. 181-190. [in Rus.]
- [12] Tumarkin P.S. Zhesty i mimika v obshhenii japonscev / Lingvostranovedcheskij slovar'-spravochnik (Gestures and facial expressions in Japanese communication / Linguo-cultural dictionary-reference). – M.: Russkij jazyk, 2001. – 592 s. [in Rus.]
- [13] Fazyljanova A.M. Söz sazy jäne intonasia (eksperimenttik-fonetikalyq zertteu) (Word melody and intonation (experimental-phonetic study)). – Almaty: Almaty-Bolaşaq AQ baspasy, 2022. – 208 b. [in Kaz.]
- [14] M. Äuezov. Abai joly. I tom. (The Path of Abai. Volume I). – Almaty: Jazuşy, 2009. – 432 b. [in Kaz.]
- [15] Orazbaeva A.S. Mädenietaralyq qatysymnyñ keibir mäseleleri, negızgı türleri men sipattamasy (Some Issues of Intercultural Communication, Main Types and Features) // Abylai han atyndağy QazHQ jäne ÄTU Habarşysy. “Filologia ğylymdary” seriasy (Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL Series. “Philological sciences”). – 2023. – №1(68). – B. 136-149. [in Kaz.]

## ПРОЯВЛЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ХАРАКТЕРА В КОММУНИКАЦИИ НЕВЕРБАЛЬНЫМИ СРЕДСТВАМИ

\*Имангазина М.А.<sup>1</sup>, Момынова Б.К.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
Алматы, Казахстан, e-mail: [meruyertimangazina@mail.ru](mailto:meruyertimangazina@mail.ru)

<sup>2</sup>доктор филологических наук, профессор, Институт языкознания имени  
А.Байтурсынулы

e-mail: [momynova\\_b@mail.ru](mailto:momynova_b@mail.ru)

**Аннотация.** В статье анализируется коммуникативная культура казахского народа, в том числе коммуникативно-познавательная функция жестов приветствия как важный элемент национального ментально-языкового комплекса. Понятие *национальное коммуникативное поведение*, впервые разъясняется в связи с неязыковыми, т.е. невербальными средствами коммуникативного акта. Цель исследования – проанализировать невербальные элементы сопровождающие речь в коммуникативном аспекте, то есть с позиции *коммуникативного акта – коммуникативной ситуации – с позиции коммуникантов*, и выявить их прагматическую функцию и познавательный смысл, т.е. семантику.

Научная значимость исследовательской работы заключается в том, что, рассматривая невербальные средства в антропоцентрическом и функциональном аспектах, были сделаны выводы о национальном коммуникативном поведении казахского народа. Результаты исследования будут полезны для научных изысканий в рамках антропоцентрического направления, включающего в себя казахскую национальную культуру общения, теорию коммуникации.

Практическая значимость исследования: результаты исследования могут быть использованы в качестве теоретического материала в областях, изучающих познавательную функцию языка, паралингвистике, теории коммуникативных актов, когнитивной лингвистике и др., а также в других научных исследованиях по страноведению, психологии, бихевиоризму, культурологии и т.д. Для достижения ключевых результатов в исследовании теоретическая информация была дифференцирована с помощью метода описания и синтеза.

При анализе языковых единиц, собранных из романа-эпопеи «Путь Абая», применялись бихевиористский метод, семантический метод и методы когнитивного анализа.

В результате исследования было сделано несколько конкретных выводов:

- в культуре казахской коммуникации семантика *скупать, прощание, близость, вражда, доброта* передается невербальными кодами;

- в семейном общении иерархия приветствия выражается неязыковыми средствами: мальчик первым здоровается с отцом, а затем с другими членами семьи. При приветствии ребенка с отцом меняется коммуникативное поведение и активно используются просодические приемы, такие как пауза, низкий тон;

- параэлементы наряду с языковой информацией относятся к основным маркерам, ярко отражающим отношение, настроение, прагматику коммуникантов друг к другу и отражающим специфику коммуникативной ситуации.

**Ключевые слова:** невербальные элементы, национальное коммуникативное поведение, культура коммуникации, коммуникативный акт, коммуникативная ситуация, позиция коммуниканта, прагматика, просодика, такесика, проксемика, кинесика, приветствие

## THE MANIFESTATION OF NATIONAL CHARACTER IN COMMUNICATION BY NON-VERBAL MEANS

\*Imangazina M.A.<sup>1</sup>, Momynova B.K.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD student, Kazakh National University named after al-Farabi  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: [meruyertimangazina@mail.ru](mailto:meruyertimangazina@mail.ru)

<sup>2</sup>Doctor of Philological Sciences, Professor, Linguistic Institute named after  
A.Baitursynuly, e-mail: [momynova\\_b@mail.ru](mailto:momynova_b@mail.ru)

**Abstract.** The article analyses the communicative culture of the Kazakh people, including the communicative and cognitive function of greeting gestures as an important element of the

national mental-linguistic complex. The notion of *national communicative behaviour*, not mentioned in domestic studies, is used for the first time and explained in connection with non-linguistic means. The aim of the study is to analyse the non-verbal techniques studied in Kazakh linguistics from the communicative aspect, i.e. from the position of *communicative act - communicative situation - communicants' position*, and to reveal their pragmatic and cognitive meaning.

The scientific significance of the research work lies in the fact that, considering nonverbal means in an anthropocentric and functional aspect, new conclusions were made about the national communicative behavior of the Kazakh people. The results of the study will be useful for scientific research in anthropocentric areas, including the Kazakh national culture of communication, the theory of communication.

Practical significance of the study: the results of the study can be used as theoretical material in the fields of studying the cognitive function of language, paralinguistics, theory of communicative acts, cognitive linguistics, etc., as well as in other scientific studies in the field of country studies, psychology, behaviorism, cultural studies, considering the national specifics of the Kazakh people. To achieve key results in the study, theoretical information was differentiated using the method of description and synthesis.

Behavioral method, semantic method and cognitive analysis methods were used in the analysis of language units collected from the epic novel "The Path of Abai".

As a result of the study, several specific conclusions were made:

- in the culture of Kazakh communication, the semantics of *bored, farewell, closeness, enmity, kindness* are transmitted by nonverbal codes;

- in family communication, the hierarchy of greetings is expressed by non-linguistic means: the boy first greets his father, and then with other family members. When greeting a child with his father, the communicative behavior changes and prosodic techniques are actively used, such as pause, low tone;

- paraelements, along with language information, are the main markers that clearly reflect the attitude, mood, pragmatics of communicants to each other and reflect the specifics of the communicative situation.

**Keywords:** non-verbal elements, national communicative behaviour, culture of communication, communicative act, communicative situation, the position of the communicant, pragmatics, prosodics, takesics, proxemics, kinesics, greeting

*Статья поступила 18.08.2023*